



ЭССЕЛЕР ЖИНАҒЫ «БІЛІМІМ ОТАНЫМА»

**Жинақты құрастырған: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері
Ибраева Лаура Жасулановна**

Мазмұны

Кіріспе.....	3 бет
Эсселер.....	4-9 бет
.....	

КІРІСПЕ

Бұл жинақ — өскелең ұрпақтың туған еліне, табиғатқа, қоғамға және адамгершілікке деген көзқарасын, ой-толғамын білдіретін шығармалар топтамасы. Жинақ «Білімім – Отаныма» деп аталуы тегін емес. Себебі әрбір оқушының білімі мен саналы пікірі — болашақ Қазақстанның іргетасын қалайды. Осы жинақтағы әрбір эссе — Отанға деген шынайы сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің белгісі.

Жинақ үш негізгі тақырыптық бағытта жазылған:

- ◆ 1–4 сынып оқушылары – табиғатты қорғау және экологиялық мәдениет туралы («Таза Қазақстан»);
- ◆ 5–9 сынып оқушылары – заң мен тәртіптің маңыздылығы жөнінде («Заң және тәртіп»);
- ◆ 10–11 сынып оқушылары – адалдық, ар-ождан және азаматтық жауапкершілік төңірегінде («Адал азамат»).

Бұл тақырыптар оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдалып алынған. Олар арқылы бала кезден бастап отансүйгіштікке, табиғатты аялауға, заңға бағынуға және адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіруге мүмкіндік туады.

Жинақтағы әрбір эссе — оқушының өз ойы мен жүрек сөзін жеткізген өзіндік шығармасы. Олар — тек мектеп бағдарламасының бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар жас буынның ел болашағына қосар үлесінің бір көрінісі.



Автор: Валебная Екатерина, 4 «А» класс
КГУ "Общеобразовательная школа № 11
отдела образования города Рудного"
Управления образования акимата
Костанайской области,
город Рудный

«Об охране природы и экологической культуре».

Меня зовут Екатерина, я ученица 4 класса и занимаюсь в экологическом кружке. Мне очень нравится заботиться о природе: мы с друзьями сажаем деревья, убираем мусор и учимся, как сохранить чистый воздух и воду. Благодаря воспитательной программе *Birtұтас тәрбие* я узнала, как важно быть добрым, честным и ответственным. Эта программа помогает нам развивать экологическую культуру — учит бережно относиться к животным, растениям и окружающей среде. Охрана природы — это наш общий долг. Я поняла, что экология — это забота о будущем. Я хочу, чтобы Земля всегда была красивой и зелёной, а люди — внимательными к природе. Я горжусь, что участвую в таких добрых делах.

[https://www.instagram.com/reel/DJ_gPUwIxUE/?utm_source=ig_web_copy_link
&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DJ_gPUwIxUE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)



*Автор: Ахметов Тулеген, ученик 9»Г» класса
«Общеобразовательной школы №
3 отдела образования города Рудного»
акимата Костанайской области*

Как исполнение закона влияет на развитие общества?

Вся наша жизнь основывается на определенном порядке, на порядке в обществе. Не было бы законов, то в мире царил бы хаос. Закон гарантирует нам обеспечение всех наших прав и свобод, чтобы людям жилось удобно и комфортно.

Изначально порядок соблюдался за счёт обычаев и традиций, но, когда общины и племена перерастали в государство, стали появляться законы. «Жеті жарғы» Тауке-хана – один из самых ярких правовых памятников в истории казахского народа.

В сегодняшние дни исполнение законов помогает обезопасить граждан и общество от различных проявлений агрессии, насилия и последствий различных конфликтов.

А как исполняют закон граждане, за этим следят наши правоохранительные органы. Служить закону — служить народу. Профессия полицейского — одна из наиболее важных, ответственных и даже опасных профессий в мире. В полиции работают очень сильные, смелые люди. Здесь нужны выносливость, сила духа, знания. Этому девизу следует мой папа — Алибек Ахметов. Он работает в отделе Карабалыкского РУВД с 2005 года. Пришёл служить в органы внутренних дел после окончания юридического

колледжа, а затем после окончания ВУЗа в г. Костанай устроился на работу участковым инспектором полиции. За годы службы, по словам папы, было немало сложных ситуаций, как в известной песне: "Наша служба и опасна, и трудна". График у него не нормированный, работает с утра до ночи, может прийти домой и тут же его могут вызвать опять. Это я сам видел много раз. Но всегда папа является оптимистом. Я знаю, люди тепло отзываются о папе, благодарят за то, что умеет находить подход к населению. За хорошую службу, безупречное выполнение различных заданий мой папа имеет многочисленные грамоты, награды, значки и медали МВД. Вообще, в семье Ахметовых в милиции работал мой дедушка Наргали Рамазанович-отличник советской милиции. В данное время работает также мой дядя Нуржан Наргалиевич в звании полковник, он сейчас начальник Управления по борьбе с преступностью по Костанайской области. Мой дядя и папа работают без выходных, бывает и сутками, защищая законные права граждан и предотвращают преступления. Эта работа таит в себе много трудностей и опасности. Я думаю, что в полиции должны работать сильные, мужественные, справедливые и честные люди. Этими качествами обладал мой дедушка, эти же хорошие качества имеют мой дядя и папа. Я горжусь ими! В будущем, возможно, я тоже продолжу нашу милицейско-полицейскую династию.

https://www.instagram.com/p/DJ_X2_8tHV9/?igsh=YjhYeTZlZWEyeDQ4



*Авторы: Есимова Аяжан, 10-сынып оқушысы
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің №13 жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
Рудный қаласы*

Ар-ұждан мен намыс адалдыққа қалай әсер етеді?

Адам жанының ең биік шыңы – ар мен ұждан. Ал сол шыңның етегінде өскен гүл – адалдық. Ар-ұждан мен намыс болмаса, адалдық атаулы жүрдай, желмен ұшқан қауқарсыз жапырақ тәрізді. Адалдық – ішкі тазалықтың сәулесі, ал ар-ұждан мен намыс – сол сәуленің көзі.

Көк түріктің жұрнағы, алып даланың ұрпағы болған қара домалақ қазақ баласы үшін ар мен намыс – ежелден киелі ұғым. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген атам қазақ үшін ар – өмірдің өлшемі болған. Ар кеткен жерде адами қасиеттер мен құндылықтар қалады деп білген. Ұждан – адамды түнекте тұрып жарық іздеуге итермелейтін рухтың дауысы, қараңғы түнде күннің шуағын табатындай күйге жеткізетін ішкі жарық. Ол үнді ести алатын адам ғана адалдықтың шын жолымен жүре алады. Мұндай адам үшін ар мен ұждан – бағыт берер қос жұлдыз, қай сәтте де адастырмайды. Себебі ұжданның үнін тыңдаған жан жалғандыққа жоламай, шындықтың сұрлеуін таңдауға бейіл болады.

Намыс – найзадай өткір, жүректе ұйықтап жатқан арыстан. Ол оянғанда адам әділетсіздікке қарсы тұрып, шындық үшін күреседі. Қара бастың камын емес, халықтың, туған жердің, ата-ананың абыройын ойлайды. Қазақ баласының бойындағы намыс – ғасырлардан жеткен рухтың жаңғырығы.

Адалдық тек сөзбен емес, іспен дәлелденуі тиіс десек, сол істе намыстың оты лапылдап жанбай ма?! Намыс – ішкі рухтың шекарасы: оны басып өтсең, ардан айырылып, адамдықтың жолынан адасасың. Сол себепті намысты жан шындықты бетке айтудан қорықпайды, себебі оның үнінде – ұлттың дауысы, көзінде – ұрпақтың үміті бар.

Адалдықтың жолы – гүлмен көмкерілген емес, ол – қайрат пен табандылықты қажет ететін сындарлы сүрлеу. Сол жолда арын ақтап, ұжданын жоғалтпаған жан ғана нағыз адам деген атқа лайық болады

Қазақ әдебиетін парактай отырып, ар мен намысты ту етіп көтерген талай тұлғалардың бейнесімен қауышамыз. Бейімбет Майлиннің шығармаларында адал еңбекпен мандай терін сүртіп жүрген қарапайым ауыл адамдары – ішкі тазалығы мен ар-ожданын жоғалтпаған шынайы кейіпкерлер. Ал Мұхтар Әуезовтің кемеңгер Абайы – әділет пен шындық жолында жалғыз жүрсе де, ұжданының үніне құлақ асып, елдің ертеңі үшін күрескен рухани биік тұлға. Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген өнегелі сөзі – ар-намысты бәрінен жоғары қойған қайсар жүректің шындығы. Өмір – алып сахна, әр пендеге берілетін өз рөлі бар. Бірақ рөл – уақытша, ал болмыс – мәңгілік. Сол болмысты адалдық пен ұжданның іргесіне сүйемей, шынайы бейненді сомдау мүмкін емес.

Менің ойымша, елдің түзу жолға түсуі – әр адамның өзінен басталады. Ішкі ар-ұждан мен намысы тазаланбаған жан ешқашан әділдік пен шындықтың қасында тұрмайды. Өзіңнің рухыңды ұялатпай, әр таңды ұжданмен қарсы алу – нағыз ерлік. Адалдық пен намыс – бұл жай ғана қағида емес, ол адам болмысының айнасы, жүрек түкпіріндегі мәңгілік от. Осы от жанып тұрса, қандай қиындық болса да жеңіл өтеді, қандай сын болса да төтеп береді. Сондықтан өзгерткім келсе – алдымен өзіңнің ішкі әлеміңе үңіліп, ар мен ұжданның үнін тыңдау қажет.

Сарсанға салған ойымды түйіндеп, сөз соңында айтпағым – ар-ұждан мен намыс – адалдықтың қасиетті қайнары. Сол қайнардан сусындаған жан ғана биік мақсаттарға жетіп, рухани кемелденеді. Бойында ұят, жүрегінде

иман, жанында ұждан болған адам – ешқашан жалғандыққа жоламайды. Ол – шындықтың, әділеттің, тазалықтың күзетшісі.

Елді өзгерту – ең алдымен өзінді өзгертуден басталады. Ішкі әлеміңнің тазалығына назар аудар, ар мен ұжданың сенің ең сенімді серігің бе екендігін сезін. Намысың мен адалдығың жүрегінде болса, сенің әр қадамың әділдік пен шындыққа бастайды.